

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру институты
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнигі
_____ **З.С. Тоқыбаев**
«_____» _____ **2015 ж.**

IFN 5201 «Ғылымның тарихы мен философиясы» пәні бойынша

6М030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

курс: 1
семестр: 1
кредит саны: 2

Қарағанды 2015

«Ғылымның тарихы мен философиясы» пәнінің 6M030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандыққа арналған жұмыстық оқу бағдарламасы, 12 б.

Құрастырған: жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, философия ғылымдарының кандидаты Шуматов Эльдар Ғалымжанұлы.

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының отырысында қарастырылды
«26» ___05___ 2015 ж., № 20 хаттама.

Жалпы білім беретін пәндер
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Х.К. Уразбаев

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ОӘК отырысында
бекітілді

«16» ___06___ 2015 ж., № 11 хаттама.

2.1. Түсіндірмелік жазба

Кіріспе

2.1.1 Пән аннотациясы

«Ғылымның тарихы мен философиясы» пәні бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ құқық қорғау органдарының жүйесіндегі магистранттарға арналған жұмыстық оқу бағдарламасы мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес құрастырылды.

2.1.2 Пәнді оқыту мақсаты. Оқыту объектісі

Курстың мақсаты: ғылымның тарихын оқып-үйрену негізінде ғылыми ойлаудың стилін жасау.

2.1.3 Пәнді оқыту міндеті

1. Курстық теориялық негіздеріне оқып-үйрену.
2. Ғылымның отандық, шетелдік методологтарының классикалық еңбектері мен әдебиеттерімен жұмыс істеуге үйрету.
3. Магистранттарды өз бетінше жұмыс істеуге, сыни баға бере білуге үйрету, өз ойын айқын да ашық айта білуге үйрету.

2.1.4 Магистрантты кәсіби тұрғыда дайындаудағы пәннің алатын орны

Курстық оқу барысында магистрант мына төмендегілерді білуге және істей білулері керек:

- негізгі эпистемологиялық модельдерді, рациональдық ұғымының сипатын; танымның ғылымға дейінгі, ғылыми және ғылымнан тыс түрлері мен әдістерін; әлеуметтік-гуманитарлық білімнің қазіргі кезеңдегі ыңғайларын; ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында пайда болатын және терең, кәсіби білімді қажет ететін мәселелерді шеше білулері керек; қажетті зерттеу әдістеріне таңдай білулері қажет; әлеуметтік-гуманитарлық және жантану білімдерінің методологиясының негізінде қазіргі кезеңдегі теория мен практиканың шындықтарын түсінік, талдай білулері керек;

Мынадай дағдыларды қалыптастырулары керек:

- өзбетінше ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық жұмыстарды жүргізе білулері; бұл бағытта өте терең білімдері болуы; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, педагогикалық және тәрбие жұмыстарын жүргізуде, ғылыми мақалалар мен тезистер жазу барысында, конференцияларда, симпозиумдарда, дөңгелек столдарда, пікір-таластарда, сұхбаттар жүргізуде методологиялық білімдерін қолдана білулері тиіс.

2.1.5 Пәннің мазмұнының деңгейіне қойылатын талаптар

Магистр академиялық дәрежесін алу құзыретті маман және ой-өрісі кең адам хақындағы іс-әрекетке бағдарлануды қажет етеді. Сондықтан кәсіби

жағынан алғанда мәдениеттегі философиялық зерттеулердің мәселелері бойынша білім алу маңызды болып табылады. Бұл пәнді оқып-үйренгенде магистр ғылыми зерттеулердің әдіснамасы бойынша оның жай-күйі және ең перспективті бағыттары туралы білім алады. «Ғылымның тарихы мен философиясы» курсына табысты игеру үшін бұл курсты оқып-үйренуге кіріспес бұрын өтілетін мынадай пәндермен таныстық қажет: «Қазақстан тарихы», «Философия», «Мәдениеттану», «Этнопсихология», «Экология», «Экономикалық теорияның негіздері», «Логика».

2.1.6 Пәнді оқытудың әдістемесі:

«Ғылымның тарихы мен философиясы» курсына оқыту және магистранттардың оқып-үйрену процесінде негізгі философиялық әдістер мен принциптер қолданылады:

- тарихилық пен логикалықтың бірлігі принципі;
- мәдени-тарихилық принципі;
- мәдени-релятивизм әдісі;
- абстрактылықтан нақтылыққа өрлеу әдісі;
- философиялық компаративистика әдісі және басқалары.

2.2. Пән бойынша оқу жұмыстарының көлемі, түрі (Қазақстан Республикасының МЖМБС сәйкес):

Оқу мерзімі	Курс	Семестр	Кредиттер	Дәрістер	Семинарлар	Тәжірибелік	МОӘЖ	МӨЖ	Межелік бақылау	Бақылау нысаны			Барлығы
										Емтихан	Сынақ	Курстық жұмыс	
1 семестр	1	1	2	10	20	-	15	45	семестрдің 7 және 14 аптасы	+	-	-	90

2.3. Тақырыптық жоспар

№	Тақырып атауы	Барлығы	Дәріс	Семинарлық	Тәжірибелік	МОӘЖ	МӨЖ	Бақылау нысаны
1	Ғылыми философиясы мен методологиясы философиялық білімнің саласы ретінде	6	1	1	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
2	Өркениет пен мәдениеттегі ғылым	6	1	1	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас

3	Ғылымның пайда болуы. Ғылымның тарихи дамуының негізгі этаптары (кезеңдері)	6	1	1	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
4	Ежелгі Греция ғылымының отаны	6		2	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
5	Жаңаевропалық ғылымның қалыптасуының алғытарихы	6		2	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
6	Ғылыми білімнің құрылымы	6	1	1	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
7	Ғылыми төңкерістер. Ғылыми рациональдылық	6	1	1	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
8	Ғылымның қазіргі кезеңінің ерекшеліктері	6	1	1	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
9	Ғылым әлеуметтік институт ретінде	6	1	1	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
10	Қазіргі ғылыми білімнің құрылымындағы жаратылыстану ғылымдары	6	1	1	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
11	Информатика пәнаралық ғылым ретінде. Компьютерлік төңкерістің эпистемологиялық мазмұны	6		2	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
12	Қоғам, мәдениет, тарих және адам туралы ғылымның қалыптасу тарихы	6	1	1	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
13	Педагогика мен білім философиясының философиялық проблемалары	6	1	1	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
14	Қазақстан Республикасындағы білімнің ұлттық моделінің қалыптасуы.	6		2	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
15	Нақты ғылымдардың философиялық проблемалары	6		2	-	1	3	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
Барлығы		90	10	20	-	15	45	

2.4. Бөлім мазмұны (тарау)

Ғылыми философиясы мен методологиясы философиялық білімнің саласы ретінде

Ғылым философиясының пәні. Оның ғылыммен және философиямен байланысы. Методологиялық концепциялардың және проблемалардың алуантүрлілігі. Ғылым философиясының негізгі тақырыптары. Ғылым философиясының нәтижелері мен проблемалары. Олардың ғылым мен философиядағы мәні.

Ғылымды оқып-үйренудің негізгі аспектілерінің ерекшелігі мен өзара байланысы: ғылымның логикасы, ғылым философиясы, ғылым тарихы, ғылым социологиясы, ғылым психологиясы және басқа бағыттар.

Ғылым тарихының өзіндік орны мен проблемалары. Ғылым тарихының дамуына баға беру пән ретінде. Ғылым философиясы мен ғылым тарихының өзара байланысының ерекшеліктері. Ғылым философиясының методологиялық негіздері.

Өркениет пен мәдениеттегі ғылым

Мәдениет жүйесіндегі ғылым. Ғылымның қоғамдағы орны мен функциялары. Ғылым және философия. Философия мен ғылым тарихының өзара байланысы. Ғылымның жетістіктерін философиялық тұрғыдан түсіну: негізгі позициялар, ғылымның проблемаларын талқылау, ғылымдағы философияның функциялары (тарихи ракурс). Философиялық концепциялардың ғылымның дамуына әсері. Ғылым және өнер. Ғылым және дін. Ғылымның дүниені діни түсінікпен қабылдауына тигізетін әсері. Ғылым мен діннің сұхбаты. Ғылымның әлеуметтік орны мен дінге деген көзқарастың өзгеріске ұшырауы. Ғылым және білім. Ғылымның дүниетанымдық аспектілері. Ғылым өндіргіш күш ретінде. Ғылымның гуманистік көкжиектері. Ғылым және парасаттылық. Ғылымның құндылық дәрежесі. Ғылымдағы тұлғалық. Ғылым тарихының әлеуметтік жақтары. Ғылымдағы әлеуметтіліктің табиғаты проблема ретінде. Ғылыми идеялар тарихындағы философия. Ғылымның шығармашылығындағы философияның рөлі. Ғылымның философиялық және методологиялық проблемалары зерттеудің өзіндік саласы ретінде (құбылыстың тарихы). XX ғ. ғылымның философиямен берік байланысы. (А.Энштейн, Н.Бор, М.Борн, В.Гейзенберг, В.И.Вернадский, Қ.И.Сәтпаев және т.б.). Ғылымның концепциялары: философия мен ғылым методологиясының негізгі ыңғайлары. Ғылымның қазіргі концепцияның жіктелуі: неопозитивизм, ғылыми зерттеудің логикасы, ғылым онтологиясы, ғылымның постпозитивтік образы (бейнесі).

Ғылымның пайда болуы.

Ғылымның тарихи дамуының негізгі этаптары (кезеңдері)

Ғылымның пайда болуы проблемасы. Ғылымның тууы практикалық және танымдық іс-қызметтің тәжірбиесінің жиынтығы мен білімнің ерекше түрінің қалыптасуы ретінде. Ғылым мен ғылым тарихының теориялық модельдерінің өзара қатынастары. Ғылым және миф. Ғылым және технология. Ежелгі мәдениет адамдарының дүниетанымдарының ерекшеліктері және алғығалым. Месопотамияның, Египеттің, Қытайдың және Үндінің мәдениеттері: өркениет бағдарлары, дамудың технологиялық жоспары, медициналық, астрономиялық, математикалық білімдердің практикалық мақсаттары мен қолданбалы сипаты.

Шығыс ортағасыр ғылымы. Ортағасыр дәуіріндегі Орталық азия, таяу және Орталық Шығыс мәдениеттеріндегі ғылыми танымның дамуының себептері мен шарттары. Математикалық білімнің, алгебраның, медицинаның, логиканың және басқа ғылымдардың дамуы (әл-Хорезми, әл-Фараби, Ибн-Сина, әл-Кинди т.б.).

Ежелгі Греция ғылымының отаны

Ежелгі Греция ғылымының отаны. Шығыс мифтері мен білімдерінің, ежелгі шығыс өркениетінің грек мәдениетіне, философиясын және жаңа пайда болған ғылымына әсері. Антикалық логика және антикалық математика: тарихи, мәдени және ғылыми маңызы. Орта ғасырдағы Европадағы ғылыми таным. Логиканың, ойлаудың логикалық нормаларының дамуы және ортағасырдағы ғылымды ұйымдастыру. Теология және ғылымның позициясының өзгеруі. Алхимия, астрология, магия: табиғат объектілерін қабылаудың ерекшеліктері.

Жаңаевропалық ғылымның қалыптасуының алғытарихы

Жаңаевропалық ғылымның қалыптасуының алғытарихы. Экспериментальдық (тәжірибелік) әдіс пен табиғатты математикалық бейнелеудің пайда болуының алғышарттары. (Г.Галилей, Ф.Бэкон, Р.Декарт). Экспериментальдың ғылымның пайда болуының әлеуметтік-мәдени алғышарттары: ғылымның әлеуметтілігі, ғылымның институциялизациялануы. Жаратылыстанудың қалыптасуының ерекшеліктері; Жаңа Замандағы жаратылыстанушылардың ролі. Ғылыми ойдың философияға әсері (Декарт, Лейбниц, Кант).

Қазіргі ғылым туралы мәселе батысевропалық өркениетті тудырушы ретінде. Пәндік ұйымдасқан ғылымның пайда болуы. Техникалық ғылымдардың қалыптасуы. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың қалыптасуы. Әлеуметтік және тарихи білім.

Ғылыми іс-қызметтің ерекше мамандыққа (кәсіпке) айналуы. Қазіргі ғылымның ерекшеліктері және ғылым дүниесінің өзгеруі. Ғылымның бірлігі және оның кейбір салаларының байланысы. Қазіргі ғылымның жалпы белгілері: мазмұнның ұлғаюы, нақты әдістер мен нақты теориялардың жаңа сатылары, адамдардың іс-әрекетінің басқа салаларына деген қатынастың жаңа белгілері, техникаға деген қатынастың өзгеруі, білімнің жаңа модельдері (үлгілері).

Ғылым және адамзат тарихындағы технологиялық төңкерістер. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасқан технология мен өндірістің дамуы тұрғысынан жіктеу.

Ғылымның дамуының негізгі дәуірлері: классика, бейклассика (неклассика), небейклассика (неонеклассика).

Жаратылыстану, техникалық ғылымдар, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер: пәндік қалыптасу, салыстырмалы талдау (анализ).

Ғылыми білімнің құрылымы

Ғылыми білім күрделі дамушы жүйе ретінде. Ғылыми білімнің алуан түрлі типтері, ғылымдағы теориялық және эмпирикалық, түбегейлік және қолданбалылық. Ғылымның интеграциясы мен дифференциациясының негізгі тенденциялары. Зерттеудің пәнаралық бағдарламалары. Ғылым негізінің проблемасы. Ғылым негізінің типологиясы. Ғылым теориясы ғылым компоненті ретінде. Ғылымның философиялық негізі. Ғылыми пәннің құрылымы. Дүниенің ғылыми және философиялық көрінісі. Дүниенің ғылыми көрінісінің тарихи формалары. Ғылымдарды жіктеу проблемасы.

Ғылыми төңкерістер. Ғылыми рациональдылық

Ғылым динамикасы. Ғылым тарихының модельдері. Ғылым мен ғылыми білімнің дамуының концепциялары. Ғылыми төңкерістердің мәні. Ғылыми төңкерістердің құрылымы. Ғылыми төңкерістер ғылымның негізін қайта құру ретінде. Ғылыми төңкерістің концепциялары. Ғылымдағы төңкерістік қайта құрулардың факторлары. Ғылыми төңкерістердің әлеуметтік-мәдени алғышарттары. Ғылыми төңкерістер және парадигмалар. Парадигма және ғылыми қауымдастықтың құрылымы. Ғылымның дамуындағы дәстүрлер мен төңкерістер. Ғылыми рациональдық ұғымы, ерекшелігі және концепциясы.

Ғылымның қазіргі кезеңінің ерекшеліктері

Постклассикалық емес ғылымның сипаттамасы. Ғылыми зерттеу жаңа стратегиялары және өздігінен дамидын синергетикалық жүйелерді меңгеру. Пәнаралық және синергетика принциптері. Зерттеу іс-қызметіндегі құндылықтар. Ғылымның этосы. XX ғ. соңындағы ғылымдағы этикалық аспектілер және ғылымдағы гуманитарлық бақылау. Ғылыми-техникалық жобаларды экологиялық және әлеуметтік-гуманитарлық экспертиза жасау. Сцентизм және антисцентизм. Ғылым және паранаука, жалған ғылым.

Ғылымның мәдениеттегі жаңа функциялары. Ғылымның жаһандық контексті. Ғылыми ақпараттың өсуі және ғылым әлемінің өзгеруі.

Ғылым әлеуметтік институт ретінде

Ғылыми іс-қызметтің ұйымдасуы: құрылым, белгілер, критерийлер (өлшемдер). Ғылым әлеуметтік институт ретінде: негізгі ыңғайлар (подходы). Ғылыми іс-қызметтің институциональдық формаларының тарихи дамуы: негізгі тенденциялар. Ғылыми қауымдастықтың тарихи типтері. Ғылыми мектептер мен ғылыми бағыттар туралы түсініктер. Ғылыми білімді жариялаудың формалары мен тәсілдері: тарихи динамика. Ғылыми іс-қызметке қойылатын кәсіптік талаптар. Ғылыми қауымдастықтың нормалары мен құндылықтары. Ғылымды компьютерлендірудің әлеуметтік салдарлары

мен маңызы. Ғылым және өкімет. Ғылым және экономика. Ғылым және нарықтық қатынастар. Ғылым және әлеуметтік жауапкершілік. Ғылым қазіргі қоғамдағы мемлекеттің қызметіндегі белді бағыт ретінде.

Қазіргі ғылыми білімнің құрылымындағы жаратылыстану ғылымдары

Жаратылыстану ғылымы және мәдениет. Жаратылыстану білімі және техниканың дамуы. Жаратылыстану білімі және қоғамның әлеуметтік өмірі. Жаратылыстану және дүниенің ғылыми бейнесі (картинасы).

Жаратылыстану ғылыми білімінің баяндаулық және түсіндірмелік табиғаты проблемасы.

Жаратылыстану ғылымдарының жіктелуі. Физика жаратылыстану білімінің іргетасы ретінде. Физика және жаратылыстану - ғылыми және гуманитарлық білімдерінің синтезі. Осы синтездегі синергетикалық ролі. Биология және дүниенің эволюциялық бейнесінің қалыптасуы. Биологиялық эволюциялық теориядан жаһандық эволюционизмге көшу. Математика және жаратылыстану. Математика ғылымның тілі ретінде. Ғылыми білімнің қалыптасуы және математикалық әдістер. Космос және техногендік өркениеттің жаһандық проблемалары. Астрономия және ғарыштың болашақ адамзаттың перспективалары. Космизм және антикосмизм: қазіргі кездегі пікір-таластар.

Техника ғылымдарының өзіне тән ерекшелігі және оның жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар мен математикамен арақатынасы. Алғашқы техникалық ғылымдар қолданбалы жаратылыстану білімі ретінде.

Информатика пәнаралық ғылым ретінде. Компьютерлік төңкерістің эпистемологиялық мазмұны

Ақпараттық қоғам концепциясы: Питирим Сорокиннен Кастельске дейін. Ақпараттық қоғамның пайда болуы. Әлеуметтік информатика проблемаларына деген синергетикалық ыңғай. Желілік қоғам және әлеуметтік информатиканың міндеттері. Ақпараттың қоғамдағы тұлға проблемасы.

Интернеттегі киберкеңістік ұғымы және оның философиялық мәні. Интернет жаңа әлеуметтік технологиялық құралы ретінде. Интернет ХХІ ғасырдың ақпараттық-коммуникативтік ортасы және үздіксіз білімнің жаһандық ортасы ретінде. Ақпараттың қауіпсіздік концепциясы: гуманитарлық құрылым. Информатикадағы шындық проблемасы.

Қоғам, мәдениет, тарих және адам туралы ғылымның қалыптасу тарихы

Философия ғылыми білімнің оның ішінде қоғам, мәдениет, тарих және адам туралы білімдердің (Платон, Аристотель, Кант, Гегель, Гоббс, Локк

және т.б.) интегралдық формасы түрінде. Қоғам, мәдениет және адам туралы ғылыми емес және ғылымнан тыс білімдердің ғылымға дейінгі, ғылыми емес, парағылыми, жалған ғылымдар және антиғылыми түрлері.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылыми пәндер циклының қалыптасуы: эмпирикалық мәліметтер және тарихи-логикалық қайта құрулар. Ғылыми білімнің пәндік құрылымының әлеуметтік-мәдени жағдайы: социология, экономика, политология және мәдениет туралы ғылым.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әлеуметтік контекстіне тәуелділігі: классикалық, классикалық емес және постклассикалық емес ғылым. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өркениеттік маңызы. Ресейдегі және басқа батыстық емес елдердің әлеуметтік ғылымдары. Әлеуметтік білімді қолданудың Ресейлік контекстісі және оның парадигмалардың орын алмасуы. Посткеңестік, еуропалық және әлемдік ғылыми қауымдастықтардағы әлеуметтік ғылымдар. Қазақстандағы әлеуметтік методология мен әлеуметтік білімнің жаңа парадигмасы.

Педагогика мен білім философиясының философиялық проблемалары

Білім философиясының ұғымы мен орны, Білім онтологиясы. Білімнің негізгі идеялары. Білім сексиологиясы. Білім логикасы. Білім методологиясы. Білім этикасы. Білім жүйе, процесс, нәтиже, құндылық ретінде. Ұлттық білім және мәдениет. Білімнің дәстүрлі және баламалық жүйелері. Білімдік саясат және білімнің жетістіктері. Дәстүрлі білімнің дағдарысы. Қоғамдық сананың, философиялық және педагогикалық білімнің трансформациясы.

Қазақстан Республикасындағы білімнің ұлттық моделінің қалыптасуы

Ұлттық білім: ұғымы және проблемалары. Білімнің дәстүрлі және баламалық жүйелері. Қазақстандағы білімнің ұлттық моделінің қалыптасуы. 1997 жылғы Лиссабон конвенциясы. Жаһандану мен интернационализациялау жағдайындағы ұлттық білім. Әлем мәдениетінің қалыптасуындағы білімнің ролі. Ұлттық білім және мәдениет.

Нақты ғылымдардың философиялық проблемалары

Ғылымның пәндік моделі. Ғылыми білімнің негізгі құрылымдық бірліктері. Ғылыми білімнің эмпирикалық және теориялық деңгейлері. Ғылыми теориялардың түрлері: баяндау және түсіндіру теориялары. Ұғымдарды эмпирикалық түсіндіру теориялары. Ұғымдарды эмпирикалық түсіндіру және теорияларды бекіту проблемасы. Ғылыми теорияның негізгі функциялары: баяндау, түсіндіру, алдын-ала айту. Ғылыми әдістердің алуан түрлілігі және олардың классификациясы (жіктелуі). Нақты ғылымдардың әдістері. Ғылыми теорияны тексерудің логикалық схемасы.

Физиканың, химияның, астрономияның, космологияның, математиканың, информатиканың, биологияның, экологияның, медицинаның, Жер туралы ғылымның (география, геология), техниканың философиялық проблемалары.

Саяси және экономикалық ғылымдардың, психологияның, филологияның, әдбиеттанудың және лингвистиканың, тарихтың, педагогикалық ғылымдардың, мәдениеттанудың және өнертанудың, социологияның философиялық проблемалары.

2.5. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№ № р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	Алматы, 2008.
2. Негізгі әдебиеттер		
2	Артемьев А.И. Философия и методология науки: учебное пособие.	Алматы: Издательство «Бастау», 2010.
3	Бессонов Б.Н. Философия и методология науки: учебное пособие.	Москва: Изд-во Юрайт; ИД Юрайт, 2010.
4	Бурова Е.Е., Карабаева А.Г., Кириллова Г.Р. Введение в философию и методологию науки: учебное пособие.	Алматы, 2013.
5	Косиченко А.Г. Философия и методология науки: учебное пособие.	Алматы, 2007.
6	Методы научного познания.	Алматы: ғылым, 2006.
7	Кохановский В.П. Философия и методология науки.	Ростов-на-Дону, 2009.
8	Философия и методология науки. Для аспирантов и магистрантов / под ред. К.Х. Рахматуллина и др.	Алматы, 1999.
3. Қосымша әдебиеттер		
9	Радугин А.А., Радугина О.А. Философия науки: учебное пособие.	Москва: Библионика, 2006.
10	Бурова Е.Е. Соизмеримость в социогуманитарной дисциплинарности.	Алматы: Қазақ университеті, 1999.
11	Степин В.С. Теоретическое знание.	Москва, 2000.
12	Койре А. Очерки истории философской мысли. О влиянии философских концепций на развитие научных теорий.	Москва, 1985.
13	Поппер К. Логика и рост научного знания.	Москва: Прогресс, 1983.
14	Кун Т. Структура научных революций.	Москва: Изд. АСТ, 2001.
15	Огурцов А.П. Дисциплинарная структура науки.	Москва: Наука, 1988.
16	Фейерабенд П. Избранные труды по методологии науки.	Москва: Прогресс, 1986.
17	Гадамер Х.-Г. Истина и метод. Основы философской герменевтики.	Москва: Прогресс, 1988.
18	Риккерт Г. Науки о природе и науки о культуре.	Москва: Мыслители XX века, 1998.
19	Нысанбаев А.Н., Косиченко А.Г., Кадыржанов Р.К. Философский анализ науки в контексте социокультурной трансформации общества.	Алматы, 1995.
20	Шуматов Э.Г., Мукуш К.С. Философия и методология науки: учебное пособие.	Караганда, 2013.
4. Мерзімді баспа әдебиетінің тізімі		
21	Вопросы философии	
22	Философские науки	
23	Личность. Культура. Общество	
24	Адам әлемі – Мир человека	
5. Электранды оқулықтар		

25	Габитов Т.Х. Философия: электронное учебное пособие
26	Әденов С.Т., Хожамқұл А.Х., Котошева Ғ.К., Кудерина А.Н. Философия: электронное учебное пособие
6. Ғаламтор көзі	
27	www.ihtik.lib.ru
28	www.librari.ru
29	www.bibliotek.ru
30	www.caute.net.ru

2.6 Аралас кафедралармен жұмыстық бағдарламаның келісім хаттамасы

Аралас кафедралармен жұмыстық бағдарламалармен келісім хаттамасы аталған пән бойынша қарастырылмаған.